

С.Б. Омаш, Қ.И. Қобландин*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: salima.omash@mail.ru)***Саяси репрессия қарсаңы, ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы Моңғолияның аймақтық саясаты**

Аңдатпа. Саяси репрессия қарсаңындағы Моңғолияның сыртқы аймақтық жағдайын сипаттау үшін ХХ ғасырдың басынан бастап уақыт аралығын қамту қажет, себебі бұл жылдардағы оқиғалар Моңғолияның жаңа тарихындағы ең маңызды бетбұрыстардың бірі болды және оның жаңа даму кезеңінің басталуын белгіледі. Моңғолия мемлекеті өз дамуында мемлекеттік егемендікке қол жеткізді, елдің әлеуметтік құрылымы, мәдени-экономикалық келбеті өзгерді, жаңа әкімшілік-саяси институттар пайда болды. Осыған байланысты ХХ ғасырдың 20-жылдардағы моңғол революциясынан бері бір ғасырға жуық уақыт өткенмен бұл оқиғаларды жан-жақты тарихнамаға негізделген зерттеу жүргізудің ерекше маңызы бар.

Соңғы уақытта Моңғолияда осы жылдарда болған жекелеген оқиғалар туралы да, революция кезеңінен басталған Моңғолияның даму сипаты, басқа шетел мемлекеттерімен, әсіресе көршілес Ресей және Қытай державаларымен қарым-қатынасы және олардың ел тарихындағы маңызды рөлі туралы айтарлықтай еңбектер жарық көрді. Осылайша, қазіргі уақытта моңғол саяси қатынастарын осы кезеңдегі дамуын арнайы тарихнамалық зерттеу қажеттілігі туындады. Мұндай зерттеу тақырыбының өзектілігі әр жылдары ресейлік, моңғол және батыс авторларының еңбектеріндегі біз сипаттайтын оқиғаларға қатысты әртүрлі қарама-қайшы бағалаулардың негізділігі мен объективтілігін салыстыру және талдау қажеттілігінен туындап отыр.

Жоғарыда айтылған мәселелер жұмыстың алдында тұрған зерттеу міндеттері мен мақсаттарын анықтауға мүмкіндік береді. Тақырыптың маңыздылығы мен мазмұндылығы ресейлік және шетелдік тарихшылардың еңбектеріне сүйене отырып, Сыртқы Моңғолияда болған негізгі оқиғаларды зерделеуден тұрады және сол кездегі елде болған қайта құруларды сипаттап, олардың саяси нәтижелерін көрсетуге мүмкіндік береді. Осындай нақты тарихи жағдайға қатысты әдебиеттерді пайдалану арқасында біз Моңғолияда 1921-1924 жылдарда болған түрлі оқиғалардың сипаты мен нәтижелеріне қатысты әртүрлі бағалаулар мен ұстанымдарды салыстыруға, олардың айырмашылықтары мен ұқсастық пайымдауларының тереңдігін анықтаумен қатар олардың себептерін көрсетуге тырысамыз. Айта кетерлігі, Қазақстан тарихнамасында көршілес Моңғолия елінің соңғы 100 жылдық саяси тарихы мен тыныс-тіршілігі әлі де толық зерттелмеген. Көбінесе бұл тақырып Моңғолиядағы қазақ диаспорасымен байланысты қарастырылатынын атап өткен жөн.

Түйін сөздер: аймақтық саясат, Моңғолияның сыртқы саясаты, Ресей, Қытай, АҚШ, Д. Бодо, Б. Шумяцкий.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2023-144-3-155-162>

Түсті: 10.04.2023 / Жариялауға қабылданды: 10.08.2023

Кіріспе
ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында Моңғолияның саяси тарихын зерттеумен байланысты мәселелер кешенінде жаңа

Халық үкіметі тұсында елде қалыптасқан ішкі әлеуметтік-экономикалық жағдаймен қатар, халықаралық қатынастарда моңғол мемлекетінің саяси мәртебесі және оның

сыртқы әлеммен байланыстарының сипатын зерттеу маңызды орын алады. Қалыптасқан тарихи-географиялық және саяси ахуал Моңғолияның жаңа билігінің – орыс және қытай елдерімен қатынастарды жан-жақты нығайтуға байланысты сыртқы саясатының екі негізгі әрі басты бағытын айқындады.

Айта кетерлігі, бұл екі көрші, Ресей және Қытай мемлекеттерімен тату, достық және ынтымақтастық бағыттағы қатынастар Моңғол мемлекетінің қазіргі кезде де сыртқы саясаттағы басым бағыттарының бірі болып қалуда. Ал, өткен ғасырдың 20-шы жылдарында екі көрші елдің сыртқы саясаты, ішкі ахуалы және өзара қарым-қатынастары және олардың Моңғолиядағы жаңа билікке деген көзқарастары түбегейлі айырмашылықтармен ерекшеленді.

Егер Кеңестік Ресей 1921 жылы маусымда Үргеде (ел орталығы) «қызыл моңғолдар» басқарған одақтас үкіметтің құрылуына әскери және саяси құралдармен «өзіндік үлесін» қосса, Қытай тарабы Сыртқы Моңғолия аумағын Бейжің үкіметінің юрисдикциясы таралатын аймақ ретінде қарастырып, «Үрге сепаратистерінің» мемлекеттік егемендігі пен тәуелсіздікке деген құқықтарын мойындаудың гипотетикалық мүмкіндігін жоққа шығарды. Сондықтан Моңғолиядағы жаңа Халық үкіметі алғашқы жылдардан бастап сыртқы саясатта Қытаймен қарым-қатынасты реттеу мәселесі басым бағыттардың бірі болды.

Мәселенің тұжырымы

1919 жылғы Қытай әскерлері Моңғол жерлеріне басып кіріп, Моңғол автономиясының жойылғандығын жариялағаннан соң, Моңғолия шекарасына жақын орналасқан аймақтарды қамтыған Ресейдегі азамат соғысы дәл осы жылдың екінші жартысында эпицентрі Шығыс Сібірге көшіп, Моңғолия үшін жан-жақтан қауіп төндірді. Моңғолияның тәуелсіз мемлекет құру жолына қайта оралуы ғана аймақтағы саяси-экономикалық және әлеуметтік көптеген қауіп-қатердің алдын алып, оларды барынша азайта алар еді. Моңғолия үшін ең маңызды бетбұрысты оқиғаларды ресейлік және шетелдік

тарихнамада зерттеудің ерекше маңызы бар. Сондықтан болар, кейінгі жылдарда осы кезеңдегі Моңғолияның сыртқы саясатының дамуына және Ресеймен жақындасуының себептеріне байланысты көптеген еңбектер жарық көрді. Ресейлік, моңғол және батыс авторлар еңбектерінің саны өсуіне байланысты көптеген қарама-қайшы пікірлердің туындауына әкелді. Осылардың барлығы бұл еңбектердің негізділігін, объективтілігін салыстыру, талдау жасау қажеттілігін тудырды.

Зерттеудің мақсаты

Зерттеудің негізгі мақсаты – ХХ ғасырдың 20-30 жылдарынан басталған саяси репрессия қарсаңындағы Моңғолияның сыртқы саясатын айқындау, аймақтағы көршілес мемлекеттермен қарым-қатынасының орнауы, оның ел тарихындағы рөлі мен маңызын көрсету.

Зерттеу тарихы

Цин ықпалынан туындаған терең дағдарыс, ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басында моңғол қоғамы өмірінің барлық саяси, экономикалық және әлеуметтік салаларын қамтыды, моңғол мемлекеттілігінің дәстүрлерін сақтау мәселесін шиеленістіріп қана қоймай, моңғолдардың этникалық бірегейлігінің нақты жоғалту қаупіне әкелді. Моңғолияны дағдарыстан құтқаруға қабілетті басты құрал – ол саяси тәуелсіздікке жету, өзінің ұлттық мемлекетін қалпына келтіру жолындағы талпыныс және көрші мемлекеттердің Моңғолияның тәуелсіздігін мойындауы, сыртқы қатынастарды жақсарту болды.

Зерттеу әдістері

Әдеби дереккөздер мен интернет ресурстарын зерттеудің тарихи-аналитикалық әдісі қолданылды. Индукция және дедукция әдістерін қолдану арқылы нақты қорытындылар жасалады.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Моңғолиядағы Халық үкіметінің алғашқы маңызды актілерінің бірі – 1921 жылы 14 қыркүйекте премьер-министр Д.Бодо қол қойған елдің

тәуелсіздігін жариялау туралы барлық шет мемлекеттерге үндеу жасауы осыны растайды. Онда, ішінара былай делінген:

«Халық үкіметі... Қытайдың сюзерендігі бұдан былай мойындалмайтынын мәлімдейді. Моңғолияда конституциялық-демократиялық жүйе құрылды, оның аясында монғолдардың өздері елді билейді.

Олар Қытаймен достық қарым-қатынасты жалғастыруға тырысады ... Монғолдар мен қытайлар тәуелсіз және бейбіт өмір сүре алады. Біз барлық елдермен сауда байланысын орнатқымыз келеді...» [1, 47 б.].

Моңғолия тарабы 1921 жылы қыркүйекте қабылданған «Моңғол мемлекетінің тәуелсіздігі туралы декларациясында» және шетел мемлекеттеріне жолдаған үндеуінде – моңғол-қытай қатынастарының негіздері туралы: «Қазіргі уақытта біздің Халықтық үкімет көршілес жақын мемлекетке (Қытайға) қарсы дұшпандық саясат жүргізіп, бұрынғы кек сезімін оятпақ емес. Сонымен қатар ол Қытайдың Моңғолиядағы сюзерендігін қалпына келтіруге ешбір жағдайда келіспейді. Қазіргі Халық үкіметі Моңғолия мен Қытай арасында достық байланыстар мен сауда қатынастарының тезірек орнатылуын тілейді...» делінген [2, 69 б.].

Билік басына келген Халық үкіметі жаңа Моңғолия мен Қытай арасындағы қарым-қатынастарды реттеу күрделі әрі ұзаққа созылатын мәселе екенін ескеріп, 1921 жылы 10 қыркүйекте РКФСР үкіметіне Қытай елінің билік органдарымен бейбіт қарым-қатынас орнатуға делдалдық жасау туралы өтініш жасады. Айта кетерлігі, моңғол тарабының Моңғолияның халықаралық деңгейде танылу мүмкіндігіне қолдау табу мақсатында үшінші тарапқа өтініш жасауы бұрын да болған еді. Сол кезде Моңғолияда билікке келген Богдо Геген басқарған әкімшілік өкілдері америкалық консулға келіп Американың Моңғолия мен Қытай арасында делдал болу туралы өтінішін жеткізген еді.

АҚШ Бейжіңдегі өкілі, консул Сокобин Үрге қаласында бір айға жуық болып, Моңғолияның жаңа үкіметінің басшысы Д.Бодомен келіссөздер жүргізді. Моңғол премьер-министрі Сокобинге АҚШ-ң Қытай-Моңғол келісімдеріне қол

қою кезінде келісімге үшінші тараптан қатысушы әрі кепілдік беруші ел болуын өтінді. Осылайша, Моңғолия Халық үкіметінің премьер-министрі шын мәнінде АҚШ-қа патшалық Ресейдің қытай-моңғол келісімдерінде көрсетілген міндеттерін өз мойнына алуды ұсынды. Бодо өз сөзінде «АҚШ пен Ресей Моңғолия мен Қытай арасында бейбіт қарым-қатынас орнату, олардың арасында келіссөздер ұйымдастыру үшін қадамдар жасайды деп үміттенемін» деп атап көрсетті [3, 115 б.]. Өз кезегінде АҚШ өкілі Моңғолия үкіметінің Қытай мен Моңғолия арасындағы келіссөздер жүргізуде Кеңестік Ресейдің қолдауына қаншалықты сүйенетініне қызығушылық білдірген кезінде, оған Бодо «Ресей жағы көмектесуге дайын, олар моңғол мәселесіне үнемі және көбірек қызығушылық танытып отыр»- деп мәлімдеді [3, 116 б.].

Кеңестік Ресейдің саяси басшылығы Сокобиннің Моңғолия жаңа үкіметінің басшыларымен, ықпалды князьдары және дінбасылары- ламалармен кездесуіне ерекше сақтықпен қарады. РКФСР Сыртқы істер халық комиссариатының өкілі Б.Шумяцкий «Үргеде бір айдан астам уақыт бойы американдық консул моңғол халқының революциялық үкіметін өз елінен алшақтату мақсатын көздеді, біздің ықпалымызды жою үшін князьдар мен ламаларды біріктіруге ұмтылды» деп атап өтті [3, 119 б.].

Б.Шумяцкийдің Үргеде сапарының нәтижесінде Моңғолия үкіметінің Моңғолия мен Қытай арасындағы қатынастарды жақсартуға қолдау көрсету туралы өтінішті бір мезгілде Кеңестік Ресей мен Америкаға жолдағаны анық. Премьер-министр Д.Бодо 1921 жылы 10 қыркүйекте Мәскеуге жолдаған хатында «Моңғолия мен Қытай арасында осы күнге дейін достық қарым-қатынас орнатуда ресми өзгерістер болмады ... және Орта (Срединное) мемлекеті моңғол халқын бөлшектеуге және оны өзіне бағындыруға ұмтылуда, сондықтан, құрметті комиссар, сіздің ескертпеңізді құрметпен қабылдап, осы мәселелерде араша болу үшін келісіміңізді сұраймыз» деген.

Моңғол тарихшысы Р.Болд: «1921 жылы 17 қыркүйекте «Известия» газетінде

жарияланған Д.Бодоның хатына Кеңес тарапы 14 қыркүйекте дереу жауап берді. Жақында Бейжіңге жіберілген сауда делегациясы арқылы хабарланған Ресей үкіметінің жақын арада Қытай үкіметімен тұрақты қарым-қатынас орнатуды жоспарлап отырғанын ескере отырып, Г.В.Чичерин Моңғолияның өтініші ескерілгенін айтты» деп жазады [3, 118 б.].

Америка консулы Сокобиннің пікірінше, «Кеңес үкіметі Қытайдан Моңғолияның тәуелсіздігін мойындаудан әлдеқайда көп талап қоятыны анық. Қытаймен Моңғолия мәселесі бойынша келіссөздерде оның (Кеңес үкіметінің) Моңғолияға тәуелсіздік беру немесе моңғол халқын «бөтен езгіден» босату мақсаты жоқ, мұнда шетел державаларын олармен қарым-қатынасқа тарту немесе Қытай үкіметін Кеңес Үкіметін державалардың бірі ретінде тануға мәжбүрлеу ойыны жүріп жатыр» [3, 118-119 б.].

Айта кететін жайт, моңғолиялық ғалым Р.Болд америкалық консулдың пікірімен жалпы келіседі. Оның ойынша, Кеңестік Ресей Моңғолия үкіметін ресми Мәскеуден араша сұрауға мәжбүр етті, бұл соңғысына Қытаймен қарым-қатынасқа түсуге сылтау берді деп санайды. Сонымен қатар, аталған автордың пайымдауынша, бұл келіссөздерде Ресейдің қосымша мақсаты – Моңғолия мен Америка арасындағы қатынастың дамуына жол бермеу болды [3, 119 б.].

Р.Болдтың бұл тұжырымдамасына келетін болсақ, бұл ойдың негізсіз еместігін байқауға болады. РКФСР Сыртқы істер халық комиссариатының жоғары лауазымды қызметкерлерінің хат-хабарларынан алынған жоғарыда келтірілген үзінділер моңғол тарихшысының тұжырымын растайды. РКФСР Сыртқы істер халық комиссариатының өкілі Б.Шумяцкийдің пікірінше, Халықтық-революциялық үкімет Богдо Гегеннен америкалық консулға берген жауаптың кеңестік жағына сәйкес келетін тұжырымын қабылдауды талап етті. Сондықтан Кеңес өкіметі Моңғолияның жаңа үкіметін ресми Мәскеудің көмегінсіз жасай алмайтын халықаралық мәселелерді шешуде өзінің делдалдылығын қабылдауға мәжбүрлеудің қажеті жоқ болды деп есептейді.

Моңғол-қытай келіссөздерінің басталу мүмкіндігін қарастырған кезінде сол жағдайда Үрге мен Бейжің арасында саяси диалог орнатудың объективті алғышарттары болған жоқтығын атап өту керек. Сол кезде халықаралық қауымдастықта өз елінің ұлттық мүдделерінің ресми өкілі ретінде әрекет еткен Солтүстік Қытай үкіметі, Үрге үкіметін сыртқы және ішкі саяси күн тәртібіндегі кез келген мәселелер бойынша келіссөздерге тең құқықты тарап ретінде танымайтығын мәлімдеген еді [4, 91 б.].

АҚШ моңғол-қытай қатынастары саласындағы қайшылықтарды шешуге әсер ете алмады. 1921 жылы 12 қыркүйекте Моңғолия Халық үкіметі Америка Құрама Штаттарының ресми билігіне нота жолдап, онда тәуелсіздік алғаны туралы хабардар етіп, екі мемлекет арасында тең дәрежеде дипломатиялық және сауда қатынастарын орнатуды ұсынды. Алайда

Америка билігі бұл ұсынысты елемей, Моңғолияның тәуелсіздігін мойындаудан бас тартты. Америкалық тарап моңғол мәселесіне Жапония мен Ресейдің Қиыр Шығыстағы ықпалын шектеу, Қытайдың аумақтық тұтастығы мен әкімшілік бірлігін сақтау, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлсіреген державалар есебінен Қиыр Шығыс елдерімен өз саудасын ұлғайту және олардың экономикасына инвестиция салу ұстаным тұрғысынан қарады [5, 114 б.].

Айта кету керек, Р.Болд өз жұмыстарында оқырман назарын «американдық мүдделер тек саудаға бағытталды», сонымен қатар Сокобин американдық мүдделерді қамтамасыз ету үшін тек «ашық есік» саясатын жүзеге асыруды мақсат еткен» деген тұжырымдамаға назар аударады. Мұндай жағдайда американдық дипломат өз үкіметінен Сыртқы Моңғолия билігімен саяси қарым-қатынас орнатуға ешқандай өкілеттік ала алмады. Сокобиннің Үрге сапарының мақсатына ең ұтымды түсініктеме, оның «моңғол-қытай мәселесінде Америка атынан делдалдық қызмет көрсету» ниеті болғандығы атауға болады. Американдық консулдың Сыртқы Моңғолиядағы миссиясы сол елдің саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайын объективті түрде зерттеумен қатар барлау

сипатында жүргізілді деген қорытынды жасауға болады.

Кеңес басшылығына келсек, ол моңғол халқының Қытайдан тәуелсіздік алу жолындағы күресін өзінің саяси мақсаттары мен мүдделеріне сәйкес келген кезінде ғана қолдады. РКФСР үкіметі мен Коминтерн 1921 жылғы кеңес-қытай қатынастары саласында қалыптасқан мәселелердің күрделілігін де ескерді. Кеңестік саяси басшылықтың ұстанымы бойынша, Моңғолияның Қытайдан бөлінуі РСФСР мен Қытай арасындағы ресми дипломатиялық қарым-қатынастарды орнату жолында кедергі болуы тиіс емес. Сонымен қатар, кеңес басшыларының моңғол және қытай мәселесіне деген көзқарастарында «дүниежүзілік революцияны» бүкіл әлемде таратуға тырысқан ұстанымын байқауға болады. Олардың пікірінше, Моңғолияның Қытайдан бөлініп шығуы және жалпымоңғолдық қозғалыстың жалпықытайлық революциялық үрдістің дамуына кедергі болмауы керек.

Сонымен қатар кеңестік саяси ортада моңғол мәселесі жөнінде әртүрлі көзқарастардың болғанын атап өту керек. Мысалы, Сыртқы істер халық комиссариаты бұл мәселені Қытаймен болашақтағы қарым-қатынастың бір бөлігі деп санады және моңғолдардың тәуелсіздікке ұмтылу проблемасын Қиыр Шығыстағы Кеңестік мүдде үшін бірінші кезектегі маңызды мәселе деп санамады. Ал, Коминтерннің Атқару комитеті Моңғолиядағы төңкеріс Қиыр Шығыстағы «революциялық» жалпы үрдістің бір бөлігіне айналуы керек деген көзқараста болды [6, 118 б.].

Жалпы, Халық үкіметі Үргеде билікке келгеннен кейін қалыптасқан сыртқы саяси жағдай, яғни басқа шетелдік елдердің бұл үкіметті заңды деп танымағандықтан, тіпті қолдағысы келмегендіктен, моңғол тарабын Кеңестік Ресеймен байланысты толық кеңейтуге объективті түрде итермеледі.

Халық республикасы ретінде жаңа Моңғол мемлекеттілігінің құрылуы, оның көршілес – Кеңестік Ресей мен Қытайдағы қуатты әлеуметтік қозғалыстардың ықпалынан болғанын айта кеткен жөн.

Қорытынды

Жалпы, тарихи зерттеулердің материалдары 1921 жылғы революциялық оқиғалардың және одан кейінгі Халық үкіметінің қайта құруларының негізгі саяси нәтижесі ұлттық Моңғол мемлекетінің әкімшілік басқару құрылымдарын қалпына келтіру болды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. XX ғасырдың ортасы мен екінші жартысында орын алған өзгерістер моңғол қоғамының негіздерін одан әрі түбегейлі өзгертудің алғышарттарын құрады. Сыртқы Моңғолияда жаңа мемлекеттіліктің пайда болуы бұрын Моңғолияда автономия кезінде тән болған теократиялық биліктің толық көшірмесі емес еді. Дәл осы қайта құру, өз кезегінде, қазіргі тәуелсіз Моңғол мемлекетінің негізін қалады.

Кеңес және моңғол тарихшыларының еңбектерінде Моңғолиядағы саяси репрессияға дейінгі оқиғаларға байланысты тақырып 1920 жылдардың ортасынан 1980 жылдарға дейін зерттеудің басым бағыттарының бірі болды. Бұл тақырыпқа деген қызығушылық қазіргі орыс және моңғол ғалымдары арасында да кездеседі. Қазіргі зерттеулер революцияның және одан кейінгі қайта құрулардың сипатын анықтауда оның қозғаушы күштері мен саяси салдарын бағалаумен ерекшеленеді. Ресей зерттеушілердің пікірінше, ұлттық Моңғол мемлекеттілігін қалпына келтіруге және оны одан әрі нығайтуға ықпал еткен шешуші фактор Кеңестік Ресейдің қолдауы болды [7].

Айта кететін жайт, біз пайдаланған батыстық тарихи зерттеулердің авторлары да негізінен осыған ұқсас ұстанымдарды ұстанады [8]. Моңғол тарихшылары, керісінше, бұл оқиғалар, Моңғолияның өзіндік дамуының нәтижесінде болды деп есептейді. Осығансәйкес, 1921 жылы Сыртқы Моңғолияда пайда болған мемлекетті моңғол авторлары негізінен егемен және тәуелсіз мемлекет ретінде сипаттайды [9]. Сондықтан моңғолтану тарих ғылымында 1921-1924 жылдардағы моңғол тарихының оқиғаларын жете зерттеу алдағы уақытта да өзекті және перспективалық бағыттарының бірі болатындығына сенімдіміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Советско-монгольские отношения. 1921-1974, т.1, – Москва, 1975. – С. 421-422.
2. Лхамсурэн Б. Очерки истории Монгольской народно-революционной партии. - Улан-Батор : Госиздат, 1987. - 519 с.
3. Болд Р. Независимость и признание. Монголия в треугольнике интересов: США-Россия-Китай. – Москва: Издательство «Весь Мир», 2015. – 400 с.
4. История Китая с древнейших времен до начала XXI в. Т. 7. – Москва: Наука – Восточная литература, 2014. – 886 с.
5. Болд Р. Независимость и признание. Монголия в треугольнике интересов: США-Россия-Китай. – Москва: Издательство «Весь Мир», 2015. – 400 с.
6. Лузянин С. Г. Россия – Монголия – Китай в первой половине XX века. Политические взаимоотношения в 1911-1946 гг. – Москва: Издательство: ОГНИ. 2003. – 320 с.
7. Батунаев Э.В. Борьба за независимость монгольского государства. – Улан-Удэ: Изд-во БНЦ СО РАН, 2015. – 160 с.
8. Christopher P. Atwood. Encyclopedia of Mongolia and the Mongol Empire. – Facts on File, 2004. – 678 p.
9. Батсайхан О. Монгол ундэстэн бурэн эрхт улс болох замд (1911-1946). – 189 б.

С.Б. Омаш, Қ.И. Кобландин

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Региональная политика Монголии накануне политических репрессий, в 20-30 годы XX века

Аннотация. Для описания внешнерегионального положения Монголии накануне политических репрессий необходимо охватить временной отрезок с начала XX в., потому что события этих лет были одним из важнейших поворотных моментов в новой истории Монголии и положили начало новому периоду ее развития. Монголия достигла в своем развитии государственного суверенитета, изменилась социальная структура, культурный и экономический облик страны, появились новые административные и политические институты. В связи с этим, хотя после монгольской революции 20-х годов XX века прошло почти столетие, особое значение приобретает комплексное историографическое исследование этих событий.

В последнее время опубликованы значительные работы об отдельных событиях, происходивших в Монголии в эти годы, о характере развития Монголии после революции, отношениях с другими зарубежными странами, особенно с соседними российскими и китайскими державами, и их важной роли в истории страны. Таким образом, возникает необходимость в специальном историографическом исследовании развития монгольских политических отношений в этот период. Актуальность такой темы исследования обусловлена необходимостью сопоставления и анализа обоснованности и объективности различных противоречивых оценок описываемых нами событий в работах российских, монгольских и западных авторов.

Вышеперечисленные вопросы позволяют определить исследовательские задачи и цели, стоящие перед работой. Важность и содержание темы, основанной на работах российских и зарубежных историков, состоит в изучении основных событий, происходивших во Внешней Монголии и позволяющих описать преобразования, происходившие в стране в это время, и показать их политические результаты. Благодаря использованию литературы, относящейся к такой специфической исторической ситуации, мы пытаемся сопоставить различные оценки и позиции относительно характера и результатов различных событий, происходивших в Монголии в 1921-1924 гг., определить глубину их различий и сходств, а также показать их причины. Следует отметить, что историография Казахстана не в полной мере изучила политическую историю и жизнь соседней Монголии за последние 100 лет. В основном данная тема часто рассматривается в связи с казахской диаспорой в Монголии.

Ключевые слова: региональная политика, внешняя политика Монголии, Россия, Китай, США, Д. Бодо, Б. Шумяцкий.

S.B. Omash, K.I. Koblandin

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Regional policy of Mongolia on the eve of political repressions, in the 20-30s of the XX century

Abstract. To describe the external regional situation of Mongolia on the eve of political repressions, it is necessary to cover the time period from the beginning of the 20th century, because the events of these years were one of the most important turning points in the new history of Mongolia and marked the beginning of a new period of its development. Mongolia has achieved state sovereignty in its development, the social structure, cultural and economic appearance of the country has changed, new administrative and political institutions have appeared. In this regard, although almost a century has passed since the Mongolian revolution of the 1920s, a comprehensive historiographic study of these events is of particular importance.

Recently, significant works have been published on individual events that took place in Mongolia during these years, on the nature of the development of Mongolia after the revolution, relations with other foreign countries, especially with neighboring Russian and Chinese powers, and their important role in the history of the country. Thus, there is a need for a special historiographic study of the development of Mongolian political relations during this period. The relevance of this research topic is due to the need to compare and analyze the validity and objectivity of various conflicting assessments of the events we describe in the works of Russian, Mongolian and Western authors.

The above questions allow you to determine the research tasks and goals facing the work. The importance and content of the topic, based on the works of Russian and foreign historians, is to study the main events that took place in Outer Mongolia and allow us to describe the transformations that took place in the country at that time and show their political results. Through the use of literature related to this specific historical situation, we try to compare different assessments and positions regarding the nature and results of various events that took place in Mongolia in 1921-1924, to determine the depth of their differences and similarities, and also to show their causes. It should be noted that the historiography of Kazakhstan has not fully studied the political history and life of neighboring Mongolia over the past 100 years. Basically, this topic is often considered in connection with the Kazakh diaspora in Mongolia.

Keywords: regional policy, foreign policy of Mongolia, Russia, China, USA, D. Bodo, B. Shumyatskiy.

References

1. Sovetsko-mongol'skie otnosheniya. 1921-1974, t.1 [Soviet-Mongolian relations. 1921-1974, Vol. 1], Moscow, 1975. P. 421-422, [in Russian].
2. Lhamsurjen B. Oчерки istorii Mongol'skoj narodno-revoljucionnoj partii [Sketches of the History of the Mongolian People's Revolutionary Party]. (Ulan-Bator, Gosizdat, 1987, 519 p.), [in Russian].
3. Bold R. Nezavisimost' i priznanie. Mongolija v treugol'nike interesov: SShA-Rossija-Kitaj [Independence and Recognition. Mongolia in the Triangle of Interests: USA-Russia-China]. (Moscow, Izdatel'stvo «Ves' Mir», 2015, 400 p.), [in Russian].
4. Istorija Kitaja s drevnejshih vremen do nachala HHI v. [History of China from ancient times to the beginning of XXI century]. (Moscow, Nauka - Vostochnaja literatura, 2014, 886 p.), [in Russian].
5. Bold R. Nezavisimost' i priznanie. Mongolija v treugol'nike interesov: SShA-Rossija-Kitaj [. Independence and Recognition. Mongolia in the triangle of interests: USA-Russia-China]. (Moscow, Izdatel'stvo «Ves' Mir», 2015, 400 p.), [in Russian].
6. Luzjanin S. G. Rossija – Mongolija – Kitaj v pervoj polovine XX veka. Politicheskie vzaimootnosheniya v 1911-1946 gg [Russia - Mongolia - China in the first half of the XX century. Political relations in 1911-1946]. (Moscow, Izdatel'stvo OGNI, 2003, 320 p.), [in Russian].
7. Batunaev Je.V. Bor'ba za nezavisimost' mongol'skogo gosudarstva [Struggle for the independence of the Mongolian state]. (Ulan-Udje, Izd-vo BNC SO RAN, 2015, 160 p.), [in Russian].
8. Christopher P. Atwood. Encyclopedia of Mongolia and the Mongol Empire. (Facts on File, 2004, 678 p.).
9. Batsajhan O. Mongol undjestjen burjen jerht uls boloh zamd (1911-1946). 189 p.

Авторлар туралы мәлімет:

Омаш Салима Болатқызы – халықаралық қатынастар факультетінің PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Қобландин Қалыбек Ибрагимұлы – тарих ғылымдарының докторы, халықаралық қатынастар факультетінің профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Omash Salima Bolatkyzy – Ph.D. student, Faculty of International Relations, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Koblandin Kalybek Ibragimovich – Doctor of Historical Science, Professor of the Faculty of International Relations, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.